

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

06 2025 ж.

ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2024-2025 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. АК жұмысы ұйымдастырылды, Ережелермен танысты, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспары әзірленді.

2024-2025 оқу жоспарына АК жұмысы ұйымдастырылып «Өнер даярлау» бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары әзірленіп, бекітілді, ережелермен таныстырылды.

2. ББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны айқындалды.

ББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны айқындалған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген. Университет сайтында жарияланған. Даму жоспарының бағыттары мен мақсаттары көрсетілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ

Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету 1.2. АЯУ имиджі мен беделін нығайту

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. Академиялық нәтижелікке қол жеткізу

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру.

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 4. КЛИНИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ ДАМУ

Мақсат 4.1. Түркістан облысының тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсету

Мақсат 4.2. Жоғары медициналық білімі мен ғылымын дамыту

Сонымен қатар даму жоспарында білім беру бағдарламаларына қатысты басым бағыттар нақты көрсетілген.

7) Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Түркияның жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару. Бірыңғай желілік жалпы түркілік білім беру және ғылыми кеңістік құру жөніндегі идеяны Түркі Кеңесі деңгейіне жеткізу және университетті осы идеяны іске асыруда көшбасшы позициясында орнықтыру. Жаһандық білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, оның ішінде QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады.

8) Жаңа білім беру бағдарламаларын, атап айтқанда, пәнаралық, инновациялық, сондай-ақ эңірде сұранысқа ие техникалық бағыттар бойынша (ауыл шаруашылығы, құрылыс, сәулет, ветеринария және т.б.) әзірлеу және ашу.

9) Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, Академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б., шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, ОҚК тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі) қамтамасыз етіледі.

10) Білім беру бағдарламаларын ұдайы жаңарту мақсатында еңбек нарығын форсайт-зерттеу және жаңа кәсіптерге қажеттілікті болжау жалғастырылатын болады. Университет эңірлік кәсіп карталарын әзірлеуге қатысады.

11) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

12) Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

13) Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша ұдайы кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

14) Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

2024-2029 жылдарға арналған БББ даму жоспарын әзірлеп, оны талқылауға ұсынды. Білім беру сапасын жақсарту, оқу процесін жаңғырту және білімгерлерге заманауи дағдыларды үйретуге бағытталған шаралар қамтылған. ББ даму жоспарының жобасын талқылау аяқталды. Жоспар бекіту үшін қажетті түзетулер енгізіліп, бекітілді.

3. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспарын жасау.

Білім беру бағдарламасының (ББ) құжаттарын аккредиттеу және постмониторинг талаптарына сәйкестендіру қажеттілігін мәжіліс барысында атап өтті. Осы талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін құжаттарды дайындалды. Аккредиттеу мен постмониторинг – білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және жақсарту үшін маңызды құралдар болып табылады, сондықтан бұл жұмыстар жоғары талаптарға сай жүргізілді. Осы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуы ББ сапасының арттырылуына ықпал етеді және білім беру бағдарламасының стандарттарға сай болуын қамтамасыз етеді.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдері қабылданды (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу)

2024-2025 оқу жылына ББ аудиттері және шешімдерін қабылдау (қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) мәселесі қарастырылды.

Өнер даярлау бағыты бойынша барлық ББ талапқа сай жасалынған. Қолданыстағы 6B021 Өнер бағыты бойынша, атап айтатын болсақ: 6B02122-Дәстүрлі өнер (халық әні), 6B02123-Актерлік өнер, 6B02124-Хореография, 6B02126-Дизайн, 6B02165-Эстрада өнері, 6B02184-Сәндік-қолданбалы өнері білім беру бағдарламалары 2023-2024 оқу жылында жаңартылған болатын, осы білім беру бағдарламалары биылғы 2024-2025 оқу жылына да өзгеріссіз ББ Реестріне ендірілді. МЖМБС талаптарына сай "Жасанды интеллект негіздері" пәні қосылды. МЖМБС 20-тармағына сәйкес, білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқу үрдісіне "Ғылыми зерттеу негіздері" пәні енгізілді.

"Экология және өмір қауіпсіздігі", "Икемді дағдылар" пәндерінің сипаттамасы және ОН 1 мен ОН 4 оқыту нәтижелері жаңартылды. "Академиялық жазбаға кіріспе" пәнінің сипаттамасы және ОН3 оқыту нәтижесі жаңартылды, яғни жасанды интеллект негіздерін қалыптастыратын құзыреттер ескерілді. ББ-ның Кәсіби стандарты және еңбек функциялары тандалды, оқыту нәтижелерімен сәйкестендірілді. Білім беру бағдарламалары жалпы мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай және өзектілігін жоғалтпағанын және қолданыста қалатыны айтылды.

6B02126-Дизайн ББ-на қазіргі заман талаптарына сай жаңа пәндер ендіріліп, ОН 7,8,9,10 толықтырылды. "Компьютерлік дизайн" пәнінің сипаттамасы жаңартылды. "Композицияны матада орындау", "Модельерлік сурет" пәндерінің пән сипаттамасы жаңартылды.

"Киім дизайнері" кәсіби стандартын негізге ала отырып, ендірілген пәндер тізімі:

- 1)Тұстану;
- 2)Дизайн композициясы;
- 3)Костюм құрастыру;
- 4)Текстиль өнері және қол өнері;
- 5)Цифрлық портфолио және көркем экспозиция негіздері;
- 6)Цифрлық киім дизайн және 3D модельдеу;
- 7)Тұрақты мода және экологиялық дизайн;
- 8)Идеялармен жоба дизайндағы ізденіс;
- 9)Кестелеу техникасы және шығармашылық дизайн;
- 10)Драптау.

ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары қарастырылды.

ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау), жақсарту ұсыныстары бойынша қарастырылды.

SWOT – талдау

S (strengths) – Күшті жақтары(ықтимал позитивті ішкі факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
2.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
3.	Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
4.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
5.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.
6.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
7.	Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РҒПО-мен тікелей байланыс).
8.	Дуальді оқыту жүйесінің болуы.
9.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.
10.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
11.	Практикаға бағытталған оқыту.
12.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.
13.	Diploma Supplement болуы.
14.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.
15.	Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы;
16.	Ғылыми дәрежесі бар жас ОПК санының артуы;
17.	Кафедра құрамында халықаралық гранттық бағдарламалардың сертификатталған иеленушісінің болуы (Болашақ бағдарламасы, т.б.);
W(weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)	
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу аландары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен косдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының

	болмауы.
3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.
5.	Ағылшын тілін жоғары деңгейде (IELTS 5.0 және одан жоғары) меңгерген ОПҚ үлесінің жеткіліксіздігі;
6.	Кафедра ғалымдарының ҚР БЖҒМ тарапынан және Ғылым қоры тарапынан гранттық қарлыжандару жұмыстарының аздығы
О (opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)	
1.	Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
2.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).
3.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.
4.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
5.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
6.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
7.	Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
8.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (YTB) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
9.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
Т (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті ғылыми дәрежелі кадрлардың тапшылығы.

2. Қолданыстағы бакалавр ББ ішкі сараптаудан өткізу

Ағымдағы жылы ұйымдастырылған ішкі аудит барысында бағдарламалардың мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес, - деген тұжырымға келді. Пән атаулары мен сипаттамалары, кредиттік сағаттары тиімді көрсетілген. Сонымен қатар ағымдағы жылдағы ББ бағдарламалары жұмыс берушілер мен АҚ мүшелері тарапынан жақсы бағаланды. Қолданыстағы ББ аудит арқылы олардың өнер саласындағы жаңа қадамдар мен технологияларға сәйкестігі анықталды. Аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қаралып, ББ мазмұнын әлі де болса толықтыруға болатыны айтылды.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу

2024-2025 оқу жылына АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Өнер» даярлау бағыты бойынша 6B02122-Дәстүрлі өнер (халық әні), 6B02123-Актерлік өнер, 6B02124-Хореография, 6B02126-Дизайн, 6B02165-Эстрада өнері, 6B02184-Сәндік-қолданбалы өнері білім беру бағдарламаларының АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары қаралды және келесі міндеттер қаралды, атап айтқанда:

- білім беру бағдарламасы мен оның құрылымдық элементтерін (оқу жоспарлары, оқу нәтижелері) алқалы әзірлеуді ұйымдастыру;
- үздіксіз білім беру деңгейлерінің (бакалавриат) сабақтастығын қамтамасыз ету негізінде кадрларды даярлаудың білім беру траекториясын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламаларының кадрлық ресурстарының сапасын арттыру саясатын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламасын іске асырудың мазмұны мен технологиясы бойынша үздік әлемдік және отандық тәжірибені талдау және енгізу;
- әлеуетті үміткерлермен жұмысты үйлестіруде кәсіби бағдар жұмыстарын күшейту;
- студенттердің ғылыми-зерттеу және жобалық қызметі мәселелері бойынша ғылыми бөлімдермен өзара әрекеттесу;
- жұмыс берушілермен және білім беру бағдарламасының түлектерімен бітірушілердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды нақтылау және оларды даярлау сапасын бағалау бойынша өзара әрекеттесу;
- білім беру бағдарламасын әртүрлі сапаны бағалау процедураларына дайындау (соның ішінде аккредиттеу), бағдарламаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру.

Сонымен қатар қазіргі заманғы білім беру жүйесі жаңа технологиялардың ықпалымен қарқынды түрде өзгеруде. Оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында маңызды орын алуда. ЖИ технологиялары білім беру процесін жетілдіру, оқу әдістерін жаңарту және студенттерге жеке көңіл бөлу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін әлеуетті құрал ретінде танылды. Сондықтан жасанды интеллектті білім беру бағдарламаларына енгізу — бұл оқу сапасын арттыру және студенттердің академиялық нәтижелерін жақсарту үшін стратегиялық маңызды қадам болып табылады. Сол себепті МЖМБС талаптарына сай Жасанды интеллект негіздері пәні қосылды. МЖМБС 20-тармағына сәйкес, білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқу үрдісіне "Ғылыми зерттеу негіздері" пәні енгізілді. "Экология және өмір қауіпсіздігі", "Икемді дағдылар" пәндерінің сипаттамасы және ОН 1 мен ОН 4 оқыту нәтижелері жаңартылды. "Академиялық жазбаға кіріспе" пәнінің сипаттамасы және ОН3 оқыту нәтижесі жаңартылды, яғни жасанды интеллект негіздерін қалыптастыратын құзыреттер ескерілді. ББ-ның Кәсіби стандарты және еңбек функциялары таңдалды, оқыту нәтижелерімен сәйкестендірілді. 6B02126-Дизайн ББ-сын қайта пән мазмұндарын қарап шығып, қазіргі заман талабына сай жаңа пәндер ендірілді.

2. Аккредитация есептерін даярлау, аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру

Қолданыстағы 6B02126-Дизайн ББ бойынша өзін-өзі бағалау есебі жасалды, есепке қажетті барлық қосымшалар қамтылды, кафедраның академиялық комитеттің мүшелері, жалпы ОПК түгелімен атсалысты. Өзін-өзі бағалау есебі жоғары деңгейде жасалды деп айтуға болады. Аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитіне аккредиттелетін 6B02126-Дизайн ББ толығымен дайын болды.

Қаңтар, ақпан, наурыз айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. Оның ішінде әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу және аккредитация есептерін даярлау, аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалды.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР-МАУСЫМ АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды нәтижелерін талданды.

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларының білім беру бағдарламалары сапасын арттыруда маңыздылығын ерекше. Университеттің ішкі сапа жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылатын сыртқы сапа бақылау механизмдері тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерімен, атап айтқанда, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) арқылы жүргізіледі. Оның айтуынша, сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс, сонымен бірге әрбір бөлімшенің өзіне жүктелген міндеттері нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ, ол осы процестердің нәтижелі болуы үшін барлық факультет пен кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысуы қажет.

Өнер даярлау бағыты бойынша білім беру сапасын арттыру үшін келесі маңызды бағыттарға ерекше назар аудару қажеттігі анықталды: студенттердің оқу тәжірибесін жетілдіру және практикаға бағыттау, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру, білім алушылардың пікірін жинақтап, оларды оқу үрдісіне тиімді енгізу. Ол білім беру сапасын арттыру – бұл үздіксіз және жан-жақты үрдіс екенін атап, барлық ұсыныстар жүйелі түрде енгізілуі тиіс деді. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету бойынша есеп дайындау.

Өнер даярлау бағыты бойынша аккредиттеу мен постмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірді. Ол есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатаң сақталуы керек, бұл құжаттың сапаны дәлелдейтін маңызды ресми құжат. Есепті дайындау барысында постмониторинг нәтижелері, академиялық мазмұнның өзектілігі, білім алушылардың жетістіктері, оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық база, сондай-ақ білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылуы тиіс. Осы мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, нақты мерзімдер белгіленуі қажет деп шешілді. Бұл топ есептің сапалы әрі уақытылы дайындалуына жауапты болады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіру, түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және оларды тәжірибелік дағдылармен қамтамасыз ету қажеттілігі ерекше назарға алынды. Сонымен қатар, жұмыс берушілер тарапынан ұсынылған нақты бастамалар мен ұсыныстардың білім беру мазмұнын жаңартудағы маңыздылығын баса көрсетті.

2. АК жылдық есебін талқыланып, бекітуге ұсынылды.


Сонымен қатар, АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну мақсатында алынған көрсеткіштерге талдау жүргізіліп, тиісті басым бағыттарды нақтылап, есепті бекітуге ұсынамыз. Атқарылған іс-шараларға сараптамалық баға берілді. Осыған орай комитет мүшелері тарапынан қолдау тауып, бекітуге ұсынылды.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTU ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. ББның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.

Академиялық комитеттің № 4 мәжілісінде 18 06 2025ж. талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы _____



М.Матеева